

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-152-159

ӘОЖ 821.512.122

ҒТАМА 17.09.91

МАҒЖАН ТҰЛҒАСЫ ЖЕРЛЕС АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА

Кулибекова Ж.С.*

**КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті», Петропавл,
Қазақстан Республикасы*

**E-mail: 19zhanka71@mail.ru*

Аңдатпа

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында жергілікті ақын-жазушылардың өмірбаяндары мен шығармашылық зертханасы мәселелерін, өмірлік жағдайлардың көркем туындыларынан орын алу жақтарын қарастыру - зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Бұл орайда Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі, поэзия мен проза, публицистиканың үздік үлгілері, педагогика, аударма саласындағы еңбектері бір төбе болған М. Жұмабаевтың ақындық және азаматтық тұлғасының сырын ол туралы жазылған жергілікті ақындардың поэзиялық туындылары арқылы ашу - мақаланың басты мақсаты болып отыр.

Солтүстік Қазақстан өңірінің ақындары К. Салықов, М. Қанғожин, Е. Зікібаев, Е. Шаймерденов, З. Әкімжанов, К. Мұсырман, Б. Қожахметов Мағжанға біраз өлеңдерін үлкен ризашылықпен арнаған. Аталмыш авторлардың поэзиялық туындылары арқылы Мағжанның Алаш қайраткерлері қатарындағы азаматтық тұлғасы, түркі дүниесі мен қазақ халқының рухани мәдениетіндегі өзіндік орны, ұлттық әдебиеттің өркендеп дамуына қосқан айрықша үлесі бағамдалады.

Кілтті сөздер: поэзия, Алаш қайраткері, ақын бейнесі, заман, ұлттық болмыс, көркемдік кеңістік, рухани-мәдени құндылықтар.

ОБРАЗ МАҒЖАНА В ТВОРЧЕСТВЕ ПОЭТОВ-ЗЕМЛЯКОВ

Кулибекова Ж.С.*

**НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева», Петропавловск,
Республика Казахстан*

**E-mail: 19zhanka71@mail.ru*

Аннотация

В современном казахском литературоведении одним из основных направлений исследовательской работы является взаимосвязь биографий и творческой лаборатории местных поэтов и писателей, отводится значимая роль отражению жизненных ситуаций в художественных произведениях. Главной целью статьи является раскрытие поэтической и гражданской личности М. Жумабаева, выдающегося представителя литературы Алаш, его лучших произведений поэзии и прозы, публицистики, в области педагогики, перевода – через поэтические произведения местных поэтов. Поэты Северо-Казахстанского региона К. Салыков, М. Кангожин, Е. Зикибаев, Е. Шаймерденов, З. Акимжанов, К. Мусырман, Б. Кожахметов с большой благодарностью посвятили Магжану свои стихи. На основе поэтических произведений этих авторов можно увидеть гражданскую личность Магжана из числа деятелей Алаша, его место в тюркском мире и духовной культуре казахского народа, его вклад в развитие национальной литературы.

Ключевые слова: поэзия, деятель Алаш, образ поэта, время, национальное бытие, художественное пространство, духовно-культурная ценность.

THE IMAGE OF MAGZHAN IN THE WORKS OF FELLOW POETS

Kulibekova Zh.S.*

**Non-profit limited company "M. Kozybayev North Kazakhstan University", Petropavlovsk,
Republic of Kazakhstan*

**E-mail: 19zhanka71@mail.ru*

Abstract

In modern Kazakh literary studies, one of the main directions of research work is the relationship between biographies and the creative laboratory of local poets and writers, a significant role is assigned to the reflection of life situations in works of art. The main purpose of the article is to reveal the poetic and civic personality of M. Zhumabayev, an outstanding representative of Alash literature, his best works of poetry and prose, journalism, in the field of pedagogy, translation – through the poetic works of local poets. Poets of the North Kazakhstan region K. Salykov, M. Kangozhin, E. Zikibaev, E. Shaimerdenov, Z. Akimzhanov, K. Musyrman, B. Kozhakhmetov with great gratitude dedicated their poems to Magzhan. Based on the poetic works of these authors, one can see the civil personality of Magzhan from among the figures of Alash, his place in the Turkic world and the spiritual culture of the Kazakh people, his contribution to the development of national literature.

Keywords: poetry, the figure of Alash, the image of the poet, time, national existence, artistic space, spiritual and cultural value.

Кіріспе

XX ғасыр басындағы біртұтас Алаш қозғалысы бұқараны қалың ұйқыдан оятып, жаңа бетбұрысқа шақырды. Қазақты соңына ертіп, саяси еркіндік пен азаттыққа жетуді өмірлік мақсат тұтты. Көздегендеріне қол жеткізіп, көңіл марқайған сәттері де туды. Замандастарының ғана емес, тұтас ұлттың рухани байып, ой және бой еркіндігіне қол жеткізуін сан ғасырлар бойы аңсап, үкілеген арман-мақсаттарының жолында құрбан болған ата-бабаларымыздың адал істерін абыроймен жалғастырды. Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мағжандай ұлт жанашырлары әдебиет айдынында бой көтеріп, баспа бетіндегі биік көркемдік сипаттағы дүниелері бірден елең еткізді. Өр қазақтың кім екенін танытып, ұлт бостандығы, жер-қоныс мәселелері күн тәртібінде өзекті болды.

Сол көш бастаушылардың алдыңғы қатарында Мағжан Жұмабаевтың да тұрғаны талассыз шындық.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаламызда белгілі ақын М. Жұмабаевтың шығармашылық тағдырының қырлары жерлес қаламгерлер арнаған поэзиялық туындыларға идеялық, көркемдік талдау жасау негізінде ашылады.

Зерттеудің нәтижелері

Бұл кезде жаңа заман рухы бойын билеп, қазағының жағдайына налыған ақынның 1911 жылы «Айқап» журналының 2 және 9-сандарында «Жатыр», «Шын сорлы» атты өлеңдері, тырнақалды «Шолпан» кітабы 1912 жылы Қазанда жарық көріп, «жалынды жүйрік жас жүрек» Мағжан орысша білім алуға ерекше талаптанып, 1913 жылы Омбы қаласына келіп, осында мұғалім болып жүрген Міржақып Дулатовтан сабақ алып, дайындалып, семинарияға түседі, С. Сейфуллинмен танысып, бірге білім алады. Ахмет Байтұрсыновтан дәріс алуы шығармашылығына тың серпін берді. Мағжан туындыларының көркемдік мәні тереңдеп, романтизм, символизм сияқты жаңа белгілер орын алды, ұлтының болашақ тағдыры мен тарихына деген алаңдаушылығын білдіріп, сол кездегі үкіметтен төнетін қауіптің қаншалықты үлкен екенін айтады.

«Қыбырлаған қоңыздар», «қорсылдаған доңыздар», «сұр жылан», «ібіліске ерген есерлер», «өзімшіл кеуде кесерлер», «барқылдақ жалтылдаған төбет» деп суреттеу арқылы олардың шынайы және жиіркенішті іс-әрекеттерінен хабардар етеді. Осыдан-ақ ақынның әр сөзіндегі ұлтжандылығы мен жанының тазалығы көрініп тұрады.

Тырнақалды туындысынан-ақ, ұлтына жанашырлығы танылған ақынның 1913 жылы «Қазақ» газетінің 7-санында басылған «Орал тауы» өлеңінде:

Аты да, заты жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...
Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.

Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне [1, 19 б.], - деп ауыр шындықты көрсетіп, халық арасында бірліктің қажет екенін айтады. Сол бірлесу арқылы ғана бұндай зауалдан құтылып, қазақтың әйтеуір бір мезгілде күні туып, таңы атып, басына бақ орнайтынына үміт білдіреді.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар, қатты шақсын!
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрерлік төңіректі, тек таң атсын! [1, 21 б.].

Жеке бас мүддесінен халық мүддесін жоғары қойған арда ақынға «өзімшіл, байшыл, ұлтшыл, түрікшіл» деген түрлі ауыр айыптар тағылды. Жан-жақтан негізсіз сындар айтылып, соңынан қаңқу сөз ерді, басындағы қара бұлт қалыңдап, шығармашылығына тыйым салынды, «қолы емес, қызыл тіліне аяусыз кісен салынды» - Мағжандай азамат ақынға бұның қаншалықты ауыр тигенін шамамен бағамдаудың өзі мүмкін емес.

Өтер жылдар - ұлғаярсың, өсерсің,
Өмір - көпір, қалайда оны кешерсің.
Өтер жылдар - ақын ағаң жоқ болар,
Рухым риза, мені есіне түсірсең.
«Аз өмірінде көп уланған, көп сүйген,
Көп алданған, көп жылаған, көп күйген
Ақын ағам болып еді, - дегейсің, -

Жүрегіне өмір оғы көп тиген!» [1, 77 б.], - деп қазақ халқының мақтанышы, ұлттық әдебиеттің көрнекті де біртуар өкілі, ұлы тұлға Мағжан Жұмабаевтың асыл сөздерін бүгінгі күн жағдайында зерделесек, қаншалықты көрегендік жатқанын анық байқаймыз.

Қазақтың сөз өнерінде ерекше құбылыс, үлкен жаңалық болып жарқ еткен қыран тағдырлы азамат ақынның жәуһар шығармалары заманында талайдың көкейлерін тесіп, қымбат қазынаға қол сұғып, тас-талқанын шығарып, өзін аяусыз жермен-жексен етті. Шынайы дарынның ұлттық әдебиеттегі тақырып пен идея, көркемдік жаңашылдығы жағынан дәуірдегі өзгерістерді айқындап көрсетуде маңызды орын алып, қоғамдық санаға әсер ете алғаны - даусыз. Қазақ әдебиетінің өркендеп дамуына мол мүмкіндіктер тудырған кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысу - Мағжанның әрі бағы, әрі сori болды.

Мағжанның халқын шексіз сүйгені хақ. «Алашты халық десек, халықты шын сүйген адам «жарты жаңқасы» қалғанша халық үшін қызмет істеуге тиісті» деген берік ұстанымда болып, елінің тарихы мен мәдени мұраларына, белгілі тұлғаларының тағдыры

мен шығармашылығына деген сүйіспеншілігін қаламгер өмірінің соңғы деміне дейін сақтады.

Осы орайда алаш арыстарының бірі, ақынның ұстазы және қоғамдық көзқарасын қалыптастырушы М. Дулатовтың айтқан мына пікірімен үндестікте болғанын көреміз:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан, шаруаңа жараса, алаш [2, 303 б.].

«Мағжан ақын ой мен сезімнің адамы еді. Сондықтан саналы жан ретінде өз тұсындағы қазақ қоғамына, замандастарының қалпына бей-жай қарамады. Оның азаматтық белсенділігі бойындағы қасиетімен тоқайласып жатты. Ақын өз заманындағы жетекші күш – Алаш қозғалысына аянбай атсалысты» [3, 358 б.].

Мағжан – Солтүстік Қазақстан топырағында туып, алты Алашқа аты шыққан ұлы ақын. Оның өлеңдері оқырмандарды адамгершілікке, сұлулыққа, отансүйгіштікке, шынайылыққа тәрбиелейтіні сөзсіз. Елінің жанашыр азаматының шығармашылығына тәнті болған талай ақындар және К. Салықов, М. Қанғожин, Е. Зікібаев, Е. Шаймерденов, З. Әкімжанов, К. Мұсырман, Б. Қожахметов сияқты танымал жерлес ақындар да Мағжанға біраз өлеңдерін үлкен ризашылықпен арнаған. «Жерлестері бас ақынын жырлаған» бұл туындылардың өне бойынан Мағжанның ақындық, азаматтық зор тұлғасын көруге болады, «Ұлтын сүю - ұрлықтан да үрейлі» болған заманның жазықсыз құрбанына айналғанына қатты налыған үндерді естиміз.

Белгілі ақын М. Қанғожиннің 2007 жылғы «Мен Мағжанның көшесінде тұрамын» символдық атауы бар өлеңдер жинағындағы Мағжанға арнап әр жылдары жазылған «Тайсалмай оққа бардың», «О, пірім», «Мен Мағжанның көшесінде тұрамын», «Өзіңдей қайта туса Мағжан ақын», «Таланттыға - тағдыр өш» деген поэзиялық туындыларынан тума таланттың тағдырына аяусыз жауыздық жасағандардың жымысқы әрекеттеріне деген шексіз ызасын:

Жер үстін жауыздықтың бұлты басқан,
Ар, иман, әділеттің құты қашқан.
«Ақынға адамзаттан дос болмады»,
Әлемге қазақ деген жұртты ашқан.
Мағжан десем қара аспан қақ айрылып,
Бейуақта мылтық үні тарайды ұлып,
Қорғай алмай қалдық-ау Пайғамбарды,
Болашақтан күтіп еді арайлы үміт.
Күншілерден, дарынсыз, кежерлерден,
Қорғамадық безбүйрек безерлерден.

«Таланттыға - тағдыр өш» деген сөз де,

Жай қалмаған екен ғой ежелгі елден [4, 361 б.], - деп ашына жеткізген.

Бұл орайда автор Мағжан сияқты елінің адал перзентіне өшігіп, кектеніп, қастандық жасап, есімінің де, туындыларының да аталмай, өз халқына жау, дұшпан қылып көрсетушілерді кешірілмес зұлымдық жасады деп ашық айтады. Жан-жақтан иттей үріп, құзғындай ту сыртынан шұқып жүргендердің талауына түскен ақынның не жаны қалды екен, соншалықты өшігіп, тағдырын тәлкек ететіндей сорлы ақын не жазды екен деген сауалдар мазалайды:

Көзімде жатсам да елес, тұрсам елес,
Көңілімде ой, ол туралы құрсам кеңес.

Хан да емес, патша да емес, Мағжан - ақын,
Неге оны қоршап алған мың сан егес?!
Жырласа ол қазаққа да бар деп елдік,
Бөрілі байрағында зар мен ерлік.
Масқара-ай, ақ, қараны айырмай,
Мағжанды дау деп келдік, жау деп келдік.
Жазықсыз оққа байлап есіл ұлды,
Заман-ай, ащы айттың-ау кесімінді.
Махаң жоқ! Кешірімес те ол зұлымдықты,

Мың мәрте сұрасаң да кешірімді! [4, 362 б.]. Жүрегі парша-парша болған ақынның тағдырына араша түсіп, жанын алып қалатын тірі жанның болмағанына әрі таң қалса, әрі күйінеді, сөйтіп, *«Алаштың арына қан тамшылаған»* жағдайға себепкер болған пысықайларға еш кешірім жоқ екенін сөз етеді.

Ал «Мағжан ақын», «Атыңнан Мағжан деген ауыспады», «Ақ қанатын күнге жайып», «Мағжан-жыр», «Ұрпағыңның биіктейді шоқтығы», «Есілге жанын жайып Қызылжардан» өлеңдерінде халқының Мағжан мен оның поэзиясына деген сүйіспеншілік сезімдерін *«асқақ қырандай», «күн ұлы ұрандай», «маржан-жыр», «аққу-жырлар», «қапасты қақыратқан дауылпазым», «ақ қанатын күнге жайған аққу», «тамсандырған ақ нұр»* деген теңеулер арқылы білдіреді. Мағжан сияқты дарабоз ақынға небір теңеулер аздық ететін де шығар, бірақ Мүтәллап ақын поэзиясының өн бойынан ұлы тұлғаға деген сыйластық тағзым да, бас ию де, талантын мойындау да үздіксіз орын алған. Мағжанға деген қызығушылықтың да қайдан бастау алғанына «О, пірім» деген өлеңі арқылы қанығамыз:

Ғашық боп өлеңіңе бала жастан,
Тыңдаушы ем айтқандардан жалықтастан.
Ешкімге айтпа, бала! - деп қоятын,
Қария жырыңды оқып қажымастан.
Неге ол «айтпа» дейді құпиялап,
Осында бір сыр бар-ау өте ғажап?!
Сыбырлап, үрейленіп: тыңшы! - дейді,
Әр үйдің есігінен жүр сығалап [4, 356 б.].

Шығармашылықпен айналыспақ түгіл, жұмыр жерді басып жүрудің өзі аса ауыр болған Мағжан басындағы жайдың қаншалықты адам төзгісіз қиын болғанын ойлау - автордың да жанына қатты батып, жара салған. Кейінгі ұрпақ та осыны түсініп, әсіресе, Мағжан сенген жастар, бүгінгідей Тәуелсіздік туы желбіреген елде өмір кешіп жатқандары үшін Мағжандай асыл бабаларына қарыздар екенін ұмытпаса деген терең ой жатыр. Сонда ғана елдің болашағының тұғыры мықты болады.

Мағжанды өмір-бақи пір тұтушы М. Қанғожин, 2010 жылы атауының өзі көп жайды аңғартып тұрған «Менің Мағжаным» атты кітабын жарыққа шығарған. Ақынға арнаған өлеңдері ғана емес, Мағжан шығармашылығымен байланысты құнды естеліктер және аудармалар да жинақталған туынды бойынан Мағжанға деген зор құрмет орын алған.

Е. Зікібаевтің арда ақынға арнаған «Ұрпақтан ұрпақтарға кетеді атың», «Биік тұрсың бәрінен», «Мәңгілік аты - Мағжан-ән», «Әлдиле, өлім, әлдиле» атты толғау-өлеңдерінен ақынның бір сәт болса да осы кезде қандай сезімде болғанын білгісі келген ниетін көргендей боламыз:

Егіліп ел дегенде, жер дегенде,

Жанымды тербеттім шерге мен де.
Қайранмын, еркін адам қалай шыдар,
Жылда бір туған жерін көрмегенде.
Сағынтып нұрлы дүние, гүлді мекен,
Түндігін ала таңнан түрді ме екен ?
Топырағын басып жүріп, ғашық жүрек

Тым ерте кететінін білді ме екен? [5, 223 б.]. Ақындығы бір төбе, азаматтығы бір төбе болған ғазиз ақынның соңынан өлім-елестің қалмай, ақыры тұңғыыққа батырып тынғанына ашынып, сол жайды *«қорқыт күй кешті», «қорқыт көр», «ғадауат күндер», «батыраш-балта сермеген», «қу тірлік тірегі кем», «аласы көп аз ғұмыр», «айналасы - сор батпақ», «тағдыр - айлакер», «тұрлауы жоқ өмір», «әуі алдаған сайқымазақ дүние»* деген дәлдікпен бере алған.

Дүние жым-жырт,
Ішінен жатыр күліп,
Қу тұлкідей алдайды ақылды үміт.
Жас баладай еліккіш, албырт, аңғал...
Несін құдай жаратқан ақын қылып?!
Дауыл соқты,
Жел соқты өшірем деп.

Ақын жанын тамұққа көшірем деп,
Қазағымдап қамыққан қайран жүрек,
Мазағың боп қорланған есіл еңбек [1, 393 б.].

З.Әкімжановтың да *«Мағжан деген бір тәңір...», «Мағжанға», «Күншығыс жыры», «Мұхтардың монологаы», «Мен де сенем жастарға», «Мәңгілік өлмегенсің»* сияқты бірқатар өлеңдерінде *«Мына жалған - сұм жалған, аяр тірлікте»* шынайы дарынға тасадан тас атқандар ар алдында жауапқа тартылулары қажет деген ой бар. Сонымен қоса, *«Асылдан да ардақты нар Мағжандай Ұлдың»* тағдырын суреттеуде Зейнолла ақынның оқырманына нақты талап қойғандай әсерде боламыз:

Өткенді айтып өтірік құбылған жан,
Әуеніміз болмасын бүгінгі арзан.
Періштесін жырыңның сүйсең – шын сүй,
Жүрегінде орнықсын мығым Мағжан [6, 93 б.].

«Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, - деп жазады Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылы Ташкентте студенттер алдында жасаған *«Мағжанның ақындығы туралы»* деген мақаласында, - Абай да сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ» [1, 226 б.]. Қазақтың зиялы азаматтарын әбден тығырыққа тіреген аласапыран заман Мағжанға жоғары баға беріп, әділ пікір білдірген Ж. Аймауытовқа да өз *«сыйын»* дайындағанын тарихтан білеміз.

М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын үздіксіз тереңінен зерттеп, өзінің бірқатар еңбектерінде кеңінен талдап жүрген профессор З. Тайшыбайдың мына пікірі зерделі қауымға ой салары сөзсіз: *«Мағжанның бақыты ма, соры ма, әрбір өлеңі оқырман назарынан тыс қалмағаны байқалады. Оқырман дегенде мен оның өлеңдерінен сән іздеген, ән іздеген, рухани нәр алған, осындай отандасы бар екеніне қуанған ақ жүрек*

адал оқырманды да, ақынның табиғи дарынын көре алмаған күншілді, әр өлеңнің астарынан қылмыс іздеген тыңшы, тіміскіні де айтып тұрмын» [7, 13 б.].

Ұлы Мағжан «От» атты белгілі өлеңінде өзі жайлы:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,

Өзіме-өзім табынам [1, 66 б.], - деп өзіндік сипаттама жасап, тарихи негізінің тым тереңде жатқанын айтып, «Пайғамбармын», «Отпын» деу арқылы қазақ поэзиясындағы көркемдеу әдістерінің қатарын да байытып, әсерлендіре түсті, қазақтың намысын оятып, жақсылыққа деген сенімін арттырды. Таяз ойлап, ақ-қараны ажыратпайтындар тарапынан түсінбеушілікке әкеліп, ақынның көркемдік образын сан саққа жүгіртуге итермелегені де белгілі. *«Арыстанмын, жолбарыспын, бұлтпын, желмін, теңізбін, жалынмын, тұлпармын, патшамын, қазымын, бимін»* деп жалындатып батыл тіл қатқан азамат ақын *«Жасағандай жалғызбын»* деп дарашылдығын, жан-дүниесінің тазалығын, сыршылдығын, нәзіктігін де танытады. Мағжанның әр бейнесі осындай сан қырлы ерекшелігімен поэзияда сомдалып қалары анық. Және кейінгі лек те осы тұрғыда оның жан-дүниесі мен туындыларын танып жеткізуде айрықша шеберлік көрсеткеніне көзіміз жетіп отыр. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стилімен дараланған Мағжанның жаңашылдығы әлем әдебиетіндегі *символизмнің* пайда болуымен байланысты екені белгілі, сондықтан Мағжанды танып-білуде бірден-бір нысан ретінде оның поэзиясы, өлеңдеріндегі қайталанбас образдардың арқау болатыны анық.

М. Жұмабаев өзінің белгілі «Қорқыт» поэмасында әлемдік әдебиеттегі қаһармандық ұлы тұлғалардың бірі, ұлы мақсат арқалап, адамзатты өлімнен арашалауға ұмтылған, өлімнен қашып, ажалмен күрескен Қорқыт бейнесін сомдай отыра, Қорқыт образын өз рухымен ұштастыра береді. Поэmanın соңындағы мына жолдар осының айғағы:

Өмірде арманым жоқ - Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!.. [8, 287 б.].

Бұл - ақынның сол тұстағы өз өмірінде тап болған қиындықтарының әсерінен жазылған поэма. Қорқыт бейнесінің негізінде ақынның ішкі жан-дүниесіне үңіліп, өз халқының жайы үшін жаны тынымсыз шырылдап әрекеттенген азаматтың асқақ арманын танимыз. «...Адамзаттан досы болмай, барлық сырын жалғыз қаламға ғана сеніп тапсырған» есіл ердің күйіп-жанғаны көзі ашық, саналы жанның қай-қайсысына болмасын, терең ой салады. Жан-жақтан аяусыз қудалауға ұшырап, шарасыз күйге түскеніне қарамастан, Мағжан шындықты барынша ашық жазды. Сол ақиқаттың беті бүгін айқындалды, ендігі ұрпақ Мағжандай ұлт жанашырының орны қаншалықты маңызды екенін бағамдап-бағалағанымыз жөн. Бұл біздің болашақ дамуымыз үшін аса қажет.

М. Жұмабаев мұрасы ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылып, асыл қазынамызды байытатын туындылар болып қала береді. Әрбір суреткер белгілі ортада, қоғамдық жағдайда өсіп-жетілетіні белгілі.

Оның дүниетанымы, көзқарасы мен талап-болмысы неғұрлым жетілген сайын, оның шығармашылық мұрасының да көкжиегі кең, мән-маңызы терең болады.

Қорытынды

XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет күрделі саяси әлеуметтік мәселелерді алға шығарды, себебі бұл кезде қазақ қоғамының алдында өзінің болашағын таңдау, тәуелсіздікке қол жеткізу күн тәртібіндегі басты мәселе ретінде алға шыққан еді. Әдебиет осы өзекті мәселені айта білді. Қазақ әдебиеті өзінің дәстүрлі классикалық сипатында дамығанымен, жаңашыл әдебиет өкілдері М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б. Күлеев, т.б. оған өзгеше леп қосып, жаңашылдықпен байытып, көркемдік мәнін биіктетті, ұлт тағдыры мен тарихына деген жанашырлық айқын танылды.

Әр халықтың сан қатпарлы тарих жолында сол ұлттың өркендеу, өсу деңгейі мен ұлт ретіндегі сапалық қадір-қасиеттерін танытатын, тіпті жаһан дүниеге паш ететін, мойындататын асыл перзенттері мен азаматтары, қайраткерлері мен небір дүлдүлдері болады. Осындай тұлғалар тарих дөңгелегін ілгері айналдырып, ұлттық санаға үлкен серпіліс, тың өзгеріс әкеліп, мәңгілік құндылықтар төңірегінде үлкен ой салады.

М. Жұмабаев 1960 жылы 8 шілдеде Түркістан әскери округі әскери трибуналының шешімімен ақталса, 1988 жылы толықтай ақталып, адал есімімен қоса, қазыналы шығармалары да халқына оралды.

Әдебиет:

1. Мағжан. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер / Құрастырған Ж. Сүлейменов. - Петропавл: Полиграфия, 2006. – 428 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалар. Үш томдық. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. - Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
4. Қанғожин М. Мен Мағжанның көшесінде тұрамын. - Петропавл: Полиграфия, 2007. – 664 б.
5. Зікібаев Е. Таңдамалы өлеңдер жинағы. Үш томдық. Т.2. – Алматы: Таймас, 2011. – 320 б.
6. Әкімжанов З. Мизамшуақ. – Қызылжар, 2001. – 123 бет.
7. Ахметжанова Г., Мәлікова С., Тайшыбай З. Мағжанның өмірі мен шығармашылығы: әдістемелік оқу құралы. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. – 216 б.
8. Жұмабаев М. Батыр Баян. Өлеңдер, поэмалар / Құрастырған Е. Асқаров. - Астана: Елорда, 1998. – 330 б.

References:

1. Maǵjan. Óleńderi, prozasy jáne ádebı zertteýler / Qurastyrgán J. Súleimenov. - Petropavl: Poligrafia, 2006. – 428 b.
2. Jumabaev M. Shygarmalar. Úsh tomdyq. – Almaty: Bilim, 1996. – 512 b.
3. Qamzabekuly D. Alash jáne ádebiet. - Astana: Foliant, 2002. – 474 b.
4. Qanǵojın M. Men Maǵjannyń kóshesinde turamyn. - Petropavl: Poligrafia, 2007. – 664 b.
5. Zikibaev E. Tańdamaly óleńder jınaǵy. Úsh tomdyq. T.2. – Almaty: Taimas, 2011. – 320 b.
6. Ákimjanov Z. Mızamshýaq. – Qyzyljar, 2001. – 123 b.
7. Ahmetjanova G., Málikova S., Taishybai Z. Maǵjannyń ómiri men shyǵarmashylyǵy: ádistemelik oqý quraly. - Petropavl: M. Qozybaev atyndaǵy SQMÝ, 2019. – 216 b.
8. Jumabaev M. Batyr Baian. Óleńder, poemalar / Qurastyrgán E. Asqarov. - Astana: Elorda, 1998. - 330 b.